

**«Жемқорлықты бірге жоямыз!» тақырыбында жүргізілген ата-аналар
жиналысының
№ 1 Х А Т А М А С Ы**

Күні: 09.02.2022ж.

Қатысқандар: 73 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Жемқорлықты бірге жоямыз» тақырыбында баяндама Қуатбекова Г.А. директор.
2. «Тәрбие- тал бесіктен» тақырыбында пікір-талас Муталиева Р.С. бөбекжай педагог-психологі.
3. Әртүрлі.

1.Бірінші сұрақ бойынша бөбекжай директорв Қуатбекова Г.А. сөз алды. Өз сөзінде Гульнар Амангельдиевна Жемқорлық қызметтік лауазымды пайдалана отырып, оны жеке мүдеге пайдалану жөнінде, жемқорлық әсіресе мемлекеттік мекемелерде қауіпті екендігін айтып түсіндірді. Мемлекеттік құрылымдардың қандай әрекеттері жемқорлыққа жататынын атап айтты. Сондай-ак бөбекжай жұмыскерлеріне қандай да бір мерекеге сыйлыққа ақша жинауға, топ жабдықтарына деп педагогтардың ата-аналардан белгілі бір заттарды сұрауларына болмайтындығын атап айтты. Бәрімізге белгілі жемқорлық қоғам жауы. Оның болдырмаудың бір шетінде өзіміз тұрмыз. Прокуратура, ұлттық қауіпсіздік , ішкі істер органдары, салық, кеден, қаржы және әскери полция осындай заң бұзушылықтарды айқындау, тоқтату, және кінәлілерді жауапқа тартумен айналысады. Сондықтан ана- аналар сіздерден жемқорлықпен күресте, жағдайында әркез жәрдем көрсетулеріңізді сұраймыз . Егер сіз жемқорлыққа тап болсаңыз онда 1424 GALL-орталығына хабарласу керек деді.

2.Екінші сұрақ бойынша педагог-психолог сөз алды. Өз сөзінде педагог-психолог Тәрбие отбасынан басталатынан атап айтты. Біз өз отбасымызда шыншылдық-адалдық туралы жиі айтып отыруымыз керек деді. Ата-аналар сіздер өз тараптарыңыздан балаларға қандай жағдай болмасын шындықты айту керек деп үйретіңіз деді. «Құрметті Ата-аналар балалар біздің болашағымыз! Болашағымыз жарқын болу үшін Жемқорлыққа юол бермейік» деді - педагог-психолог.

Ата-аналар арасынан Ермекова Ж.С сөз алды. Өз сөзінде ата-ана бұл жиналыстың өтіп, түсіндірме жұмыстары жүргені дұрыс болды. Біздер ата- аналар бұл туралы біліп жатырмыз. Осыған бәріміз бірігіп, атсалысып қоғамымызды, бөбекжайымызды аулақ ұстауымыз керек. Бұқаралық ақпарат құралдары бұл сыбайластық жайлы күнде айтып- ақ жатыр. Бұл дүниеден бөбекжайымыз аулақ болып жүр. Жемқорлық қадамдарға баруына кейде өзіміз себепші болатынымыз рас. Сондықтан жұмылып жемқорлықтан аулақ іс-әрекет жасайық дегім келеді. Жалпы көп нәрседен мағлұмат алдық. Бұл нәрселерді балаларымызға да үйден айтып, саналарына сіңірсек олар мұндайдан алыста жүрері сөзсіз.

ШЕШІМІ:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды еске алу әр азаматтың міндеті болып табылсын.
2. Жемқорлық әрекеттерге бармау, алдын алу әрбір азамат, азаматшаның міндеті болып табылсын.

Хатшы:



Аубакирова Д.Қ

